

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2016 жылғы 5 қарашадағы
№ 1033 бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрінің 2014 жылғы
29 шілдедегі № 477
бұйрығына 11-1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің
Криминалдық полиция департаменті туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Криминалдық полиция департаменті (бұдан әрі - КПД) қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ИИМ) құрылымдық бөлінісі болып табылады.

2. КПД өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық келісімшарттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. КПД құрылымы мен штаттық санын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Ішкі істер министрі бекітеді.

4. КПД:

- 1) Басшылығынан;
- 2) Ұйымдастырушылық-аналитикалық және «А» қамтамасыз ету басқармасынан;
- 3) Жеке тұлғаға қарсы қылмыстарды ашуды ұйымдастыру басқармасынан;
- 4) Мүліктік қылмыстарды ашуды ұйымдастыру басқармасынан;
- 5) «К» басқармасынан;
- 6) Криминалдық іздестіру басқармасынан;
- 7) Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасынан;
- 8) Оңтүстік өңірлік ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасынан (орналасқан жері - Алматы қаласы);
- 9) Кеңседен тұрады.

2. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

5. Міндеті: өз құзыреті шегінде қылмыстарды ескерту, жолын кесу, анықтау және ашу, қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру. Жасалған қылмыстар үшін жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету.

Функциялары:

1) қылмыстарды ескертуге, жолын кесуге, анықтауға және ашуға, сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіруге бағытталған жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен жедел-іздестіру іс-шараларын, қылмыс жасаған адамдарды ұстау бойынша операцияларды, сондай-ақ өзге құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың оларды жүргізуіне және жүзеге асыруына жәрдемдесуді ұйымдастыру және өткізу;

3) қылмыс жасаған, тергеуден, анықтаудан және соттан жасырынған, қылмыстық жазаны атқарудан, әскери қызметтен жалтарып жүрген, хабарсыз кеткен адамдарды және өзге де адамдарды іздестіруді, танылмаған мәйіттерді сәйкестендіруді ұйымдастыру және жүзеге асыру;

4) жедел-іздестіру және арнайы іс-шаралардың жүргізілуін, оның ішінде оларды жүргізу құқығына ие ішкі істер органдарының бөліністері мен қызметкерлерін бақылауды жүзеге асыру;

5) бағынысты ішкі істер органдары мен бөліністерінің қызметін бақылауды жүзеге асыру;

6) ішкі істер органдары жүргізетін өңіраралық және мемлекетаралық сипаттағы қылмыстардың ашылуын ұйымдастыру;

7) қылмыстарды ашу, қылмыскерлер мен олардың байланыстарын анықтау үшін ақпараттық-аналитикалық жүйелерді қалыптастыру және пайдалану;

8) арнайы есептерді қалыптастыру және жүргізу;

9) ішкі істер органдарының есебінде тұрған адамдардың жүріс-тұрысын жедел бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

10) криминалдық полиция және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөліністерінің қызметі саласындағы құқықтық нормативтік актілердің жобаларын әзірлеу;

11) құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алуды жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлеу;

12) қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік бағдарламаны орындау;

13) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымын қорғауға бағытталған жедел-іздестіру іс-шараларын өткізу;

14) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Қазақстан Республикасының шекаралық аудандарындағы құқықтық тәртіптің жай-күйі, белгісіз мән-жайларда тұрғылықты жерін тастап кеткен

адамдар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне қатысты құқыққа қарсы талпынысы бар қылмыстық топтар мен адамдар туралы хабарлау;

15) жаппай тәртіпсіздіктің жолын кесуге қатысу.

6. Міндеті: азаматтардың, ұйымдардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғау.

Функциялары:

1) азаматтарды қабылдауды жүзеге асыру, жеке, заңды және лауазымды тұлғалардың ауызша және жазбаша арыздарын, өтініштерін қарау, олар бойынша шешімдер қабылдау;

2) қылмыстық процеске қатысушылар мен өзге де адамдардың өмірін, денсаулығын, ары мен абыройын және мүлкін қорғауды қамтамасыз ету;

3) іздестіру, тергеу және заңда көзделген өзге де процессуалдық әрекеттерді жүргізу кезінде соттардың ұйғарымдарын, судьялардың қаулыларын, прокурордың, тергеушінің және анықтаушының жазбаша тапсырмаларын орындау.

7. Міндеті: Криминалдық полиция департаментінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастық.

Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес, заңнамада белгіленген тәртіппен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шетел мемлекеттерінің құзырлы органдарының сұрау салуларын орындау;

2) аумақтық және көліктегі ішкі істер департаменттерінің (бұдан әрі – ПД-КПД) криминалдық полиция және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөліністерінің қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі халықаралық ынтымақтастық саласындағы қызметінің ұйымдастырушылық қамтамасыз етілуін және үйлестірілуін жүзеге асыру.

8. Міндеті: қылмыстарды ашудың отандық және шетелдік оң тәжірибесін зерделеу, қорытындылау және ішкі істер органдарының практикасына енгізу.

Функциялары:

1) ПМ жүйесінде қылмыстарды ашуды ұйымдастырудың оң нысандары мен әдістерін қорытындылау және енгізу жөніндегі негізгі нормативтік және әдістемелік құжаттар әзірлеу;

2) ішкі істер органдарының қылмыстарды ашуының озық тәжірибесін анықтау, зерделеу және қорытындылау, оны олардың жұмыс практикасына енгізуді ұйымдастыру.

9. КПД жүктелген міндеттерді орындау үшін өз құзыреті шегінде:

1) қылмыстарды анықтау, жолын кесу және ашу кезінде мемлекеттік органдардың, меншіктің барлық түріндегі басқа ұйымдардың, лауазымды

тұлғалардың және азаматтардың орындауы үшін міндетті тапсырмалар беруге және қажетті ақпарат алуға;

2) құқыққа қарсы әрекеттер туралы өндірістегі материалдар бойынша азаматтарды шақыртуға, олардан түсініктемелер, құжаттар, олардың көшірмелерін алуға, жауап алуға, сондай-ақ дәлелді себепсіз келуден бас тартып жүрген адамдарды белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп әкелуге;

3) қылмыстарды ашу мақсатында осыған келісім берген азаматтармен жария және жасырын негізде ынтымақтастық орнатуға;

4) нақты деректерді жинау және зерттеу үшін ғылыми-техникалық құралдар пайдалана отырып, жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге құқылы. Бұл ретте мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер, сондай-ақ жеке өмір, жеке және отбасылық құпия туралы мәліметтер жариялауға жатпайды;

5) өзге мүмкіндіктер болмаған жағдайда оқиға болған жерге бару, шұғыл медициналық көмекті қажет ететін азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу, сондай-ақ кейінге қалдыруға болмайтын өзге де жағдайларда иелеріне зиян келтірілген жағдайда, оның орнын толтыра отырып, олардың меншік нысанына қарамастан (шетел мемлекеттерінің өкілдіктері мен дипломатиялық иммунитеті бар халықаралық ұйымдардан басқа) көлік құралдарын пайдалануға;

6) қылмыстың мән-жайларын, сондай-ақ оларды жасаған адамдарды анықтау, тергеуден, анықтаудан, соттан жалтарған адамдарды, хабарсыз кеткен азаматтарды іздеу үшін мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін өтеусіз пайдалануға;

7) азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыс жасағанына күдікті адамдарды қудалау не ол жерде қылмыс жасалды немесе жасалып жатыр деп ұйғаруға жеткілікті негіз болған кезде азаматтардың тұрғын және өзге де үй-жайларына, оларға тиесілі жер учаскелеріне, аумақтар мен үй-жайларға (шетел мемлекеттерінің өкілдіктері мен дипломатиялық иммунитеті бар халықаралық ұйымдардан басқа) кедергісіз кіруге және оларды тексеруге құқылы. Тұрғын немесе азаматтарға тиесілі басқа да үй-жайларға кіру оқиғалары туралы Департамент прокурорға жиырма төрт сағаттың ішінде хабарлауға;

8) азаматтардың жекелеген учаскелер мен аумақтарға кіруді шектеуге немесе уақытша тыйым салуға, оларды жедел-іздестіру іс-шаралары мен тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде белгілі бір жерден кетпеуге міндеттеуге;

9) коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жариялауға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарды сақтай отырып, қылмыстарды ескерту және ашу мақсатында меншік нысанына қарамастан, мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, оның ішінде жедел-іздестіру іс-шараларын жүзеге асыратын арнайы органдардан ақпарат пен материалдарды кедергісіз және өтеусіз алуға;

10) кейінге қалдыруға болмайтын жағдайда жүрген жеріне және тиесілігіне қарамастан, халықаралық және қалааралық сөйлесулер бойынша шығындарды өтей отырып, байланыс құралдарын қызметтік мақсатта пайдалануға;

11) ПД, КПД-нің криминалдық полиция және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөліністері үшін орындалуы міндетті нұсқаулар беруге;

12) криминалдық полиция және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөліністері басшыларының есептерін тыңдауға;

13) ПМ-нің органдарынан, бөліністерінен, мекемелерінен және білім беру ұйымдарынан жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, анықтамалық және өзге де материалдарды сұратуға және алуға;

14) криминалдық полиция қызметінің мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, жетілдіру және іске асыру бойынша ұсыныстар енгізуге;

15) оның жедел-қызметтік жұмысын ұйымдастыруда ішкі мәселелерге қатысты бұйрықтар әзірлеуге;

16) оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, оның ішінде халықаралық, ұйымдастыруға және өткізуге;

17) жедел-ізвестіру қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау үшін Департаменттің жанынан жұмыс топтарын құруға, сондай-ақ ғалымдар мен мамандарды, оның ішінде шетелдіктерді тартуға;

18) оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар өткізетін отырыстар мен кеңестерге қатысуға;

19) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

КПД өз құзыреті шегінде:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға;

2) «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қылмыстарды ескертуге, жолын кесуге, анықтауға және ашуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

3) қылмыстардың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге және ашуға;

4) кез келген жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы арыздарды немесе хабарламаларды қабылдауға, тіркеуге және қарауға, сондай-ақ арызды заңнамада белгіленген мерзімде қарау нәтижелері туралы арызданушыға толық және шынайы ақпарат ұсынуға;

5) қылмыстық процеске қатысушылар мен өзге де адамдардың өмірін, денсаулығын, ар-намысын және мүлкін қорғау бойынша заңнамамен көзделген шараларды қабылдауға;

6) қылмыстар жасаған, тергеу мен соттан бой тасалаған адамдарды, хабарсыз кеткен азаматтарды ізвестіруді жүзеге асыруға және азаматтардың танылмаған мәйіттерінің жеке басын сәйкестендіру бойынша жұмыс жүргізуге;

7) қылмыстар жасаған адамдарды ұстау жөніндегі жедел-іздігіру іс-шараларын, операцияларды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға, сондай-ақ өзге құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың оларды жүргізуіне және жүзеге асыруына жәрдемдесуге;

8) іздігіру, тергеу және заңда көзделген өзге де процессуалдық әрекеттерді жүргізу кезінде судьялардың қаулыларын, прокурорлардың жазбаша тапсырмаларын орындауға;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

3. КПД-ның қызметін ұйымдастыру

10. Заңнамалық актілерге, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес КПД-ның негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті өкілдігі болады.

11. КПД-ны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ішкі істер министрі лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын бастық басқарады.

12. КПД бастығының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ішкі істер министрі лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын орынбасарлары болады.

13. КПД бастығы Департаменттің қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады және Департаментке жүктелген міндеттер мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы, сондай-ақ жеке құрамның қызметтік тәртібінің, кәсіби даярлығының жай-күйі, заңдылықтың және құпиялылық режимнің сақталуы үшін дербес жауапкершілікте болады.

14. КПД бастығы Департаменттің құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ІМ басшылығына ұсыныстар береді.

15. Осы мақсаттарда КПД бастығы:

1) КПД құзырына кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында және өзге ұйымдарында КПД-ның мүддесін білдіреді;

2) өз орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

3) КПД құзырына кіретін құрылымдық бөліністер басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

4) заңнамаға және Ішкі істер министрі бекітетін лауазымдар номенклатурасына сәйкес аумақтық ішкі істер органдарының басшыларын лауазымдарға тағайындауға және лауазымнан босатуға келісім береді;

5) КПД қызметкерлерін көтермелеу, тәртіптік жазалау туралы ІМ басшылығына ұсыныстар енгізеді;

6) КПД құрылымдық бөліністері қызметкерлерінің арасында тәрбие жұмысын, олардың тәртіпті, заңдылықты және құпиялылық режимін сақтауын ұйымдастырады;

7) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады, шағымдар мен арыздарды қарайды, олар бойынша шешімдер қабылдайды;

8) заңдарға және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16. КПД бастығының орынбасарлары:

1) өз құзыреті шегінде КПД қызметін үйлестіреді;

2) КПД бастығы болмаған кезеңде міндеттерді орындау туралы КПД бастығының шешіміне сәйкес КПД қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады және КПД-ге жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапкершілікте болады;

3) мемлекеттік органның құрылымдық бөлінісінің басшылығы жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

17. КПД атынан оның құзырына кіретін мәселелер бойынша ІІМ-нің басқа құрылымдық бөліністеріне және мемлекеттік органдарға жіберілетін құжаттарға КПД бастығы, ал ол болмаған жағдайда оның орнындағы адам қол қояды.